

**Қазақстан Республикасының фосфор өнеркәсібі орындарының жұмысын тұрақтандыру, өндірісті көп салалы етіп өркендету жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 4 шілде N 749. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.08.26. N 807 қаулысымен. ~P980807

Қаратау кен орнындағы фосфориттерді өндіру және ұқсату жөніндегі өндірістік қуаттарды сақтау, қолдау және халық шаруашылығы салаларын тапшы жаңа өнім түрлерімен бірінші кезекте қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын құру, қалалар мен еңбек ұйымдарында әлеуметтік жағдайды жақсарту үшін кейбір өндірістерді көп салалы етіп өркендету және қайта құру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. N 1, 2 қосымшаларға сәйкес "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясының жекелеген кәсіпорындарының өндірістік қуаттарын ішінара пайдаланудан шығарып, тоқтату туралы Үкімет комиссиясының ұсыныстары қабылдансын.

"Қаратау" акционерлік холдинг компаниясы пайдаланудан шығарылатын негізгі қорларды есептен шығаруды және өзінің құрамына кіретін акционерлік бірлестіктердің жекелеген өндірістерін тоқтатуды белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің халықты жұмыспен қамту мемлекеттік қызметі босатылатын қызметкерлерді қайта даярлауды және жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясының бәсекелестікке қабілеті, ресурстар үнемдейтін және ғылыми қамтымды тауарлы өнімдер шығаруды ұйымдастыру арқылы жұмысты тұрақтандыру, фосфор өнеркәсібі өндірістерін көп салалы етіп өркендету мен қайта құру жөнінде бағдарлама әзірлегені ескерілсін. Бағдарлама Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен келісілген және оны Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі бекіткен.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1994 жылы және одан кейінгі жылдары Экономикалық өзгерістер қорынан фосфор өнеркәсібі өндірістерін тұрақтандыру, көп салалы етіп өркендету және қайта құру жөніндегі шараларды қаржыландыруды көздесін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Қаратау" акционерлік холдинг компаниясымен бірлесіп жабдықтарды, үй-жайларды, ғимараттарды және басқа есептен шығарылатын негізгі қорларды алдағы уақытта пайдалану (сату, лизинг немесе басқа шаралар) жөнінде шаралар әзірлесін, оларды сатудан алынатын қаржыны кәсіпорындардың қарамағында қалдыратын болсын;

"Қаратау" акционерлік холдинг компаниясы кәсіпорындарының

балансындағы әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілері олар орналасқан облыстардың балансына берілсін.

6. Шетел фирмаларын қатыстыра отырып өнеркәсіптік ферромарганец өндірісін көп салалы етіп ұйымдастыруды жеделдету жөнінде және оны сату жөнінде "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясының ұсынысы қуатталсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 4 шілдедегі  
N 749 қаулысымен  
N 1 қосымша

Қаратау АХК жекелеген кәсіпорындарының өндірістік  
қуаттарын ішінара пайдаланудан шығару туралы ұсыныс

-----  
Кәсіпорынның өнімі, қуатты, ! Қуаттың ! Ескертпе  
оның тұрғылықты орны ! проценті !

-----  
Сары фосфор өндірісі, 100 фосфор қуаттарын істен  
"Химөнеркәсіп" АҚ, шығару, пайдаланылмаған  
Жамбыл, 145 мың тонна жабдықтарды ішінара  
есептен шығарып ферробал  
қымаға қайта бейімдеу

Сары фосфор өндірісі, "Фосфор" 50 фосфор қуаттарын істен  
АҚ, Шымкент, 170 мың тонна шығару, кальций карбидіне  
және ферробалқымаға қайта  
бейімдеу

Күкірт қышқылы өндірісі, "Су 100 есептен шығару

перфосфат зауыты" АҚ, Жамбыл, 360 мың тонна		
Фосфорит жентектері өндірісі, "Сарытас" АҚ, Қаратау, 505 мың тонна	100	қуатты істен шығару, хро мит жентектеріне қайта бейімдеу
Монокальций фосфат өндірісі, "Химөнеркәсіп" АҚ, 168 мың тонна	100	есептен шығару
Диаммоний фосфат өндірісі, "Химөнеркәсіп" АҚ, Жамбыл, 168 мың тонна	100	қуатты істен шығару, негізгі қорларды есептен шығару, ғимаратты қайта бейімдеу
Жылы фосфор қышқылы өндірісі, "Химөнеркәсіп" АҚ, Жамбыл, 600 мың тонна	100	есептен шығару
Фосфор-калий тыңайтқышы өндірісі, "Химөнеркәсіп" АҚ, Жамбыл, 159,6 мың тонна	100	есептен шығару
Мырыш фосфиді өндірісі, "Фосфор" АҚ, Шымкент, 17,7 мың тонна	100	қуатты істен шығару, ғимаратты қайта бейімдеу негізгі қорларды есептен шығару
Коагулянт өндірісі, "Фосфор" АҚ, Шымкент, 1,5 мың тонна	100	есептен шығару
Шлак қиыршығы өндірісі	100	қуатты істен шығару
Шлак пемзасы өндірісі, оның ішінде бітпеген құрылыс	100	есептен шығару
Кен байыту фабрикасы, Қаратау АҚ, Жаңатас, 650 мың тонна	100	қуатты істен шығару, қайта бейімдеу
Жоғары кремнийлі жыныстарды уату-сорттау фабрикасы, "Қаратау" АҚ, Жаңатас, 3800 мың тонна	100	қуатты істен шығару, қайта бейімдеу
Жалпы фосфорит рудасы,	100	есептен шығару

Оңтүстік-шығыс руднигі,  
"Қаратау" АҚ, 520 мың тонна

Жалпы фосфорит рудасы, Солтүстік 100 есептен шығару  
Батыс руднигі, "Қаратау" АҚ,  
400 мың тонна

Ескертпе. Тиісінше энергетика және көлік объектілеріне шикізат дайындау жөніндегі қуаттарды тоқтату.

## Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 4 шілдедегі  
N 749 қаулысына  
N 2 қосымша

### "Қаратау" АХК жекелеген өндірістерінің өндірістік қуаттарын тоқтату туралы ұсыныс

---

Өнім қуатты, кәсіпорын, оның тұрғылықты орны	! Қуат проценті !
"Нодфос" АҚ-дағы сары фосфор өндірісі, Жамбыл, 230 мың тонна	50
"Фосфор" АҚ-дағы натрий триполисфосфаты өндірісі, Шымкент, 387 мың тонна	30
"Фосфор" АҚ-дағы жылы фосфор қышқылы өндірісі, Шымкент, 369 мың тонна	30
Уатқыш-тарту фабрикасы, "Қаратау" АҚ, Жаңатас, жылына 1500 мың тонна	100

Уатқыш-тарту фабрикасы, "Қаратау" АҚ, Қаратау, 800 мың тонна	100
Суспензиондық кен-байыту фабрикасы, "Қаратау" АҚ, Жаңатас, жылына 400 мың тонна	100
Жалпы фосфорит рудасы, Көкжон руднигі, 4750 мың тонна	100
Натрий гипофосфиті өндірісінің тәжірибелік қондырғысы, "Химпром" АҚ	100

Ескертпе. Тиісінше энергетика және көлік объектілеріне шикізат дайындау жөніндегі қуаттарды тоқтату.